



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

десек, ең алдымен, отбасындағы тәрбиені оң жолға қояйық. Әрбір қазақтың отбасы қыз тәрбиесіне өте көп көңіл бөліп, ата дәстүрді қадірлеуі тиіс. Өйткені, адал анадан ғана алтын басты, намысты ұрпақ дүниеге келмек. Соған сай қазақ жігіттерінің де бойынан өр мінезден көрі айнымас мінез, жауаптылықтан бұрын ардақтылық сияқты жігітке тән асыл қасиеттердің табылуы шарт. Анамызды ардақтап, аруларымызды еркелете алатын азаматтардың арқасында ғана ұлттық мұратқа, елдік мақсатқа қиналмай жететін боламыз деп ойлаймын. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовше айтсақ, «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді». Ендеше «қазақ, мешел болып қаламын демесең, тағылымыңды түзе, оны түзеймін десең әйелдің халін түзе».

Келешекте ұлттық салт-дәстүрмен тәрбиеленген қыздар ғана ел қорғайтын, Отанымызды көркейтетін ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүйеуова Б. «Арулар – тіршілікке күретамыр» // www.baq.kz.
2. «Бес ғасыр жырлайды». Алматы: Жазушы, 1989.
3. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: 1961.
4. «Жеті ғасыр жырлайды». Алматы: Жазушы, 2004
5. Жолдасбеков М. «Кісілік кітабы» III том. Астана: Күлтегін, 2012
6. Негимов С. «Мәшһүр мұра» // Егемен Қазақстан 26 ақпан, 2013 ж.

ӘӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

ФАРМАЦИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сапиева Бота Ғасырбекқызы

bota199393@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, филология: қазақ тілі
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.К.Ахметова

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алғаннан бері, үкімет тілдік саясаттың тұжырымдамасына сүйене отырып, қазақ тілінің қоғам өмірінің әр түрлі салаларында, сонымен қатар іскери тілде қызмет етуін қамтамасыз ету үшін бірнеше іс-шараларды жүзеге асырып, бағдарламаларды қабылдап жатыр.

«Дәрілік заттар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, біздің елімізде дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу, мамандандырылған сараптау, сонымен қатар қолдану жөніндегі нұсқаулықтардың мәтінін және олардың медициналық және ғылыми мазмұнын бірыңғайлауға қойылатын талаптар енгізілді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау Ұлттық орталығы» медициналық және фармацевтикалық терминологияның мемлекеттік тілге тәржімалануына бірыңғай әдістемелік талаптарды қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар атқаруда.

Қазақ тіл білімінде медицина саласына қатысты терминдер мәселесімен айналысқан ғалымдар қатарында Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы мен Халел Досмұхамедұлы бар. Олардың еңбектерінде дәрілік өсімдік атаулары, адам ағзасы мен денесіне байланысты ауру атаулары, сондай-ақ химиялық элементтердің қазақша баламалары кездеседі. Атап айтқанда, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» атты еңбегінде, 1108 түрлі дәрі-дәрмек түрін 858 түрлі дәрілік өсімдік пен 318 жан-жануар мүшелері және 60-тан астам металл-металоидтар қоспасынан (бұдан көп болуы мүмкін) жасалған атаулар туралы жазылған. Оған қоса, шипагер науқас адамдарға арнап 1050 түрлі шипа ем аты және 4577 шипалық дәрілік емдік тізбесін (нақтылығы – 13000 дай екен) ұсынып, 430-дан аса адамның сыртқы және ішкі

денесінің анатомиялық тұлғалық атауын жазып қалдырған. Аталған еңбекте, сырқатты анықтаудың 32 түрін (есекжем, ауызжара, алапес, қызылша, сүйел т.с.с.), сыртқы дене жарасының 6 түрін (шиқан, жалғыз жара, жақ рагы т.с.с.), зерттеп аурудың 5 түрін, күйіп қалудың 3 түрін, улы жәндіктер шағуынан болатын аурудың 3 түрін (жылан, шаян, бүйе), сіреспе (талма) ауруының 2 түрін, үсіп кеткеннің 3 түрін, есі ауысқандықтың 4 түрін (қояншық, бұқпа, есалаң, жынды), ата-анада кездесетін белсіздік ауруының 5 түрін, жүйке ауруының 2 түрін (нерв әлсіздігі, ұйқы қашу), мүшелерде өзгерістен болатын аурудың 9 түрін (тістің етіне қосымша өсетін ет, әр түрлі мүшеде ет өсу т.с.с.), іш кебу мен асқазан қыжылдау, мұрын қанау мен бой бұзылу, қансырау, дәретке қан араласудың 4 түрі, дене-ағзалардың қақсауының 5 түрі (тіс қақсау, шеке, т.с.с.), жазымдық сынықтың 4 түрі (сыну, шорт сыну, быт-шыт сыну т.с.с.), құсудың 3 түрі (ұшықтан, тамақтан, жүктіліктен), жұқпалы қауыпты аурудың 10 түрін (құлғана, мерез, соз, жіңішке, көктүйнек, көкшешек, түйнек т.б) қазақша атауларымен кездестіреміз [1].

Сол секілді, Халел Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» атты еңбегінде 211 термин қолданылған. Олар: өлі табиғат, тірі табиғат, сүтуым, натыр, паспар//поспор, нитірік азат, өзекті бұйым, өзексіз бұйым, құрама бұйым, калий, калтсий, қылор, мегнез, газ, күкірт, жазықтық, тік жазықтық, сагитал жазықтық, пұрентал жазықтық, жатық жазықтық (гөризентал), бітім, омыртқалы, мүше, қос мүше, дара мүше, мүше жүйесі, қаңқа (сүйек жүйесі), ет (борша) жүйесі, асқазан жүйесі, тыныс жүйесі, сідік жүйесі, шағылыс жүйесі, еркек түйіршік, ұрғашы түйіршік, қан жүйесі (қан таратушы жүйе), жүйке (неріб) жүйесі, тері (өң) жүйесі, ұлпа, денелік ұлпа, тұқымдық ұлпа, өң (жабын) ұлпа, демеу ұлпа (арқау ұлпа), ет (борша) ұлпа, жүйке (неріб) ұлпа, сұйық ұлпа (қан), басқалдақ ет, аралық ет, көк шандыр, құрсақ тыныстауы, қабырға тыныстауы т.б. [2]. Аталған еңбектерге сүйеніп, қазіргі таңда қолданылып жүрген өзге тілден енген медицина терминдерін қазақ тіліндегі баламасымен алмастырып, болмаса қазақ тілінің үндестік заңына сәйкестендіріп жазу жөн болар еді деп ойлаймын.

Медицина саласындағы фармация терминдері мен түсініктердің лингвистикалық тұрғыдан дәлме-дәл және нақты мағынасы – бүгінде жарық көрген медициналық терминологиялық сөздіктерге сүйеніп, сондай-ақ күннен-күнге еселеніп келе жатқан лексика мен жаңа сөздер, оған қоса сөз тіркестер легін ескеру арқылы ашылууда. Медициналық және фармациялық терминдерді дәрілік өсімдіктердің аттарын қазақ тіліндегі ұғымдық мазмұнына, баламасы немесе мағынасына сәйкес тәржімалау қажет. Медицина ғылымындағы латын, грек сөздерінің түбіріне негізделген, бүгінде халықаралық мағынасы бар сөздерге (әсіресе аурудың аттарына және белгілеріне), қатысты қазақша балама іздеу керек деп ойлаймын. Терминдерді тәржімалауда жұрнақтар тікелей түбірге жалғанды. Сондықтан оларды қазақ тіліне аударғанда оның орыс тіліндегі (латын, грек) нұсқаларының ұғымдық мазмұны мен мағынасы ескерілуі қажет.

Фармация деген терминнің мән-мағынасына тоқталсақ, фармация (грек. *pharmakeia* – дәрі, дәріні қолдану) – денсаулық сақтау ісінің халыққа дәрімен көмек көрсетуді іске асыратын бір саласы дегенді білдіреді. Фармацияның теориялық негізіне дәрілік заттарды анықтау, іздеу, оларды зерттеу, дайындау, қалыптау және шығару, сұрыптау, стандарттау, сақтау, тарату және фармациялық қызметті ұйымдастыру жатады. Фармация ұғымы ертеден белгілі. Алғашқы кезде емдейтін адам өсімдік, жануар және минералдық заттардан алынатын дәрілерді өзі дайындап, науқасқа өзі тағайындады. Сондықтан да мұндай емдеулер көп жағдайда әр түрлі әдет-ғұрып және ырым-жоралармен жасалды. Біртіндеп дәрілік шикізаттарды жинайтын, олардан әр түрлі дәрілер жасап, дұрыс сақтап, сататын адамдар шыға бастады. Ежелгі Мысырда оларды фармаки (аурудан жазатын, қауіпсіздік сыйлайтын адам) деп атады.

Фармация өсімдік пен жануардан алынатын шикізаттар, оларды алғаш рет өңдеу кезінде алынатын өнімдер туралы ғылым – фармакогнозиядан және дәрінің әсер ету дәрежесінің дәрі формасына, оны әзірлеу технологиясына қаншалықты тәуелді екенін зерттейтін ғылыми бағыт – биофармациядан тұрады. Ал дәрілік заттардың сапасын нормаға

келтіріп, стандарттау жиынтығы фармакопея (грек. *pharmakon* – дәрі және *poieo* – жасаймын) деп аталады [3].

Фармация саласында еңбек етіп жүрген белгілі ғалымдар: Т.А. Арыстанова, К.Үшбаев, К.Ә. Абдуллин, А.О. Төлегенова, Е.Т. Тегісбаев, Р.Д. Ділбарханов т.б. бұл ғалымдардың еңбектері мен мақалалары көбіне орыс тілінде жазылған. «Фармакология негіздері мен рецептура» жаңа оқулығының құрылымы» атты ұжымдық мақалада (М. З. Шайдаров, Д. Д. Мухамбетов, С. С. Бүркітбаева) қазіргі таңдағы фармация саласында қазақша оқулықтың жетіспейтіндігі және қолда бар оқулықтардың көпшілігінің оқырманның түсінігіне қиындық туғызатындығы, оның орысшадан тікелей аударылғандығы туралы айтылады. Демек, бұл салада тілшілер мен медицина саласы мамандарының бірлесе атқаратын жұмыстарының бар екенін аңғартады.

ҚР ЖТҒА академигі, химия ғылымдарының кандидаты, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор Д.Қияшевтің «Ана тілі» газетінде жарияланған «Фармацевтикалық терминдердегі түйткілдер» атты мақаласында фармацияда қолданылатын терминдерді сипаттай отырып, жаңа терминдер жасау үшін кейбір сөздердің мәнін анықтауға бағытталған ой-пікірлері жазылған [4].

Фармация саласында, тіпті медицина саласында, әлі күнге қазақ тіліндегі еңбектердің жетіспейтіндігі мәлім. Оқулықтардың көбі орыс тілінде, қазақ тілінде жарық көрген кітаптарда қолданылған терминдер сол қалпы латын, грек тілдерінен баламасы жасалып беріледі. Мысалы, антигриппин (*antigrippin*), амбазон (*ambazone*), рофекоксиб (*rofecoxib*), теноксикам (*tenoxicam*), феназон (*phenazone*), бронх (*bronchus*), герпес (*herpes*), карцинома (*carcinoma*), фаланга (*phalanx*) т.с.с. терминдер. Бұдан медицина саласындағы, әсіресе фармация саласындағы терминдердің көпшілігі латын тілінде қалай қолданылса, қазақ тілінде де солай қолданылып отырғаны байқалады. Әрине, егер қазақ тілінің сөздік қорынан сол терминнің білдіретін мағынасын дәлме-дәл қамти алатын сөз табылып, оны ғылыми айналымға енгізсе, қазақ тілінің қолданылу аясы кеңіп, қанатын жая түсер еді. Көбіне орыс тілі арқылы өзге тілден енген терминдер қазақ тіліне тәржімаланған кезде кірме сөздерге сөзжасамдық жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалатыны аңғарылады. Мысалы: *биогендік, бромды су, вакуумдық кептіру, вакцинациялау, вегетативтік түйін* т.б.

Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – жұрнақтар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалпы жалғамалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөздерді жасаудың ең негізгі, өнімді тәсілдерінің қатарына кіреді. Бұл тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар - лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Оны былайша өрнектеуге болады:

лексикалық мағыналы сөз + сөзжасамдық жұрнақ = туынды сөз [5, 101].

Тіліміздің сөз тудырушы жұрнақтарының толық лексикалық мағынасы бар сөздерге жалғану арқылы жасалған атау сөздер, ғылым мен техниканың түрлі салаларының терминдері сол ұғымдар жүйесінің өзара ішкі байланысын, жүйелік ерекшеліктерін көрсетіп тұруы үшін туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір үлгімен жасалуы тиіс.

Сала мамандарының тілді білу деңгейі әрқелкі болатындықтан, олардың қаламынан туындайтын арнаулы атаулардың да сапасы біркелкі бола бермейді. Сондай-ақ термин жасап, терминологиялық сөздік түзіп жүрген түрлі сала мамандарының көбінесе арнаулы лингвистикалық білімі бола бермейтіндіктен, термин шығармашылығында сөз тудырушы жұрнақтарды пайдалану барысында қателіктерге ұрынып жататын жағдайлар да аз ұшыраспайды. Термин жасау барысында жұрнақтардың қандай грамматикалық мағына үстейтінін, жалғану ерекшеліктерін білмей болмайды.

Жүйелеген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, іс жүргізу саласында **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** *анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, мәлімдеме* т.б.

[5,102].

Медицина саласында да **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** жұрнақтары арқылы жасалған терминдердің молайғандығы байқалады. Мысалы: *задвижка – ысырма, запор – қатпа, зуд – қышыма, инновация – жаңартпа, инфекция – жұқпа, инфильтрат – сіңбе, insult – ми соқпа, копростаз – іш қатпа, капсула – қаптама, лихорадка – қызба, нарыв – іріңдеме, насадка – саптама, настой – тұнба, настойка – тұндырма, сплав – қорытпа, спайка – жабыспа, смесь – қоспа, астма – демікпе* т.б. Мысалдардан байқағанымыздай, **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** жұрнақтары аталған салада көбінесе орыс тіліндегідей зат есім сөздердің жасалуына дәнекер болып тұр. Бұл өз кезегінде екі тілдегі сәйкестікті көрсетеді, әрі арнаулы сала терминдерін жасаудағы өз ерекшелігін танытса керек. Тағы бір айта кететін жайт, осы жұрнақтар арқылы жасалған қазақ тіліндегі терминдер өзіндік ықшамдылығымен, қолдануға қолайлылығымен өзгешеленіп тұр. Бұл жұрнақтың ХХ ғасырдың бас кезінде, дәлірек айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесінде кеңінен қолданылғанын білеміз. Оған *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама, кескіндеме* сияқты мысалдарды келтіруге болады. Осы үлгімен жасалған бірқатар терминдер өткен ғасырдың 90 жылдарына дейін-ақ тілімізде орныққан болатын. Термин шығармашылығы ұлт тілінің ішкі мүмкіндігі біршама пайдаланыла бастаған қазіргі кезеңде де бұл жұрнақ өнімділік танытып отыр.

Сонымен бірге **-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш** жұрнақтарының медицина саласы терминдерін жасауда өзіндік үлесі бар. Мәселен, *ингибатор – тежегіш, индекс здоровье – денсаулық көрсеткіші, капельница – тамызғыш, пломбировочные материалы – бітегіш заттар, повязка – таңғыш, материалы полировочные – жалтыратқыш заттар, кровоостанавливающее – қан тоқтатқыш, кардиостимулятор – жүрек ширатқыш, каналорасширитель – өзек кеңейткіш* т.б. тілдік дәйектемелер соның кепілі бола алады [5].

Мәселен, 2006 жылы шыққан орысша-қазақша медициналық фармакологиялық сөздікте жалпы саны 19 мыңға жуық лексикалық бірлік берілген [6]. Сөздікке енген бірліктерге талдау жасағанымызда, осы салада сөз тудыруда төмендегідей жұрнақтардың қолданылғаны анықталды:

1. **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік** жұрнақтары арқылы: *аллергиялық, құрсақтық, адренергиялық, акушерлік, ауқаттық, бейорганикалық, бедеулік, белсенділік, белсіздік, бактериялық, енжарлық, селқостық* т.б.
2. **-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш** жұрнақтары арқылы: *адренкүшейткіштер, анықтағыш, адренбөгегіштер, белсендіргіш, сіңіргіш, желімдегіш, сорғыш*, т.б.
3. **-шы, -ші** жұрнағы арқылы: *бұрушы, ауытқушы (аберантный), топишы (акромион), алушы (акцептор)* т.б.
4. **-кер, -гер** жұрнақтары арқылы: *балгер, шипагер, перзенткер* т.б.
5. **-сыз, -сіз+(-дық, -дік)** жұрнағы арқылы: *жағымсыз, дарынсыз, түссіз, ымсыздық, белсіздік, тәбетсіздік, сүтсіздік, тіссіздік* т.б.
6. **-ма, -ме, -па, -пе** жұрнақтары арқылы: *демікпе, құтырма, кезбе, екпе, сынама, қызба* т.б.
7. **-ша, -ше** жұрнағы арқылы жасалған терминдер: *кеңірдекше, қарыниша, шаңақша* т.б.
8. **-ым** жұрнағы арқылы жасалған терминдер: *салым, татым, қысым* т.б.
9. **-лы, -лі** жұрнағы арқылы: *үңгірлі, майлы* т.б.

Сөздікте сонымен қатар, бірігу тәсілі арқылы жасалған терминдер кездеседі: *аденозинқабылдағыш, тамыркеңіткіш дәрі-дәрмектер, итмұрын, сүңгіжапырақ, құмсалбен, қозықұйрық, адымөлшегіш, қаражидек, қаражусан, қарабасшөп, қарақұлақ, түйетікен, айылжуа, қылтаңқұйрық, солмасгүл, шөпшай, тасшөп, кербезгүл, қырқұлақ, т.б.* Бұлардың көпшілігі - дәрілік шөп атаулары.

Терминжасам тәжірибесінде өзге тілдік элементтерді пайдалану, дәлірек айтқанда, өзге тілде жасалған терминдерді дайын қалпында қабылдап қолдану кездеседі. Терминқорымыздағы *микро-, макро-, ультра-, гидро-, аэро-, авиа-, авто-, нео-, мега-, анти-,*

моно- сияқты грек, латын негізді терминдік элементтермен жасалған терминдер соның көрінісі. Терминтануда терминүлгі деген термин бар. Ол сала терминдерінің белгілі бір қалыптасқан сөзжасамдық үлгі бойынша біртектес жасалуына негіз болып отырған үлгіні (модельді) білдіреді [5,127].

Фармация саласында халықаралық терминдер үлгісімен, терминбөлшектермен (*микро-, макро-, ультра-, мега-, анти-*) жасалған терминдер көп кездеседі. Мәселен:

Анти – анти/вирус, анти/ген, анти/гипоксанти, анти/гормондық дәрі-дәрмектер, анти/депрессанттар, анти/диурездік, анти/жұқпалы, анти/коагулянттар, анти/оксиданттық дәрі-дәрмектер, анти/септикалық дәрі-дәрмектер, анти/денелер және т.б.

Био– био/гельминт, био/гендік, био/геоценоз, био/катализатор, био/логиялық, био/механика, био/ника, био/прогнатия, био/псия, био/түзіліс, био/сфера, био/химия, био/фармация, био/сүзгі т.б.

Диа – диа/гност, диа/гноз, диа/бет, диа/кинез, диа/лиз, диа/лизат, диа/лизатор, диа/лизация, диа/лиздеуші, диа/грамма, диа/педез, диа/ртроз, диа/скопия, диа/стаза, диа/стема, диа/стер, диа/стола, диа/схиз, диа/тез, диа/фаноскоп, диа/физдің қабынуы, диа/фрагманы кесу т.б.

Мега – мега/долихоколон, мега/долихосигма, мега/колон, мега/лобласт, мега/логастрия, мега/логлоссия, мега/лодактилия, мега/лопсия, мега/лофагтар, мега/лоцефалия, мега/лоциттер т.б.

Микро– микро/скоп, микро/құрылым, микро/спора, микро/тонометр, микро/фаг, микро/физиология, микро/флора, микро/фталм, микро/цефал, микро/цефалия, микро/айналым т.б.

Суб– суб/ботин, суб/ероз, суб/лимация, суб/максиллит, суб/ординация, суб/станция, суб/страт, суб/тропиктер, суб/фебрильді солғын температура т.б.

Ультра– ультра/дыбыс, ультра/микроанализ, ультра/микроскоп, ультра/микротом, ультра/микростат, ультра/сүзілгі, ультра/сүзіліс, ультра/сүзгіш, ультра/күлгін сәулелер, ультра/центрофуга т.б.

Бүгінгі таңда медицина саласындағы терминдердің басым көпшілігі шеттен енген сөздер, дегенмен халықаралық терминдер тілімізде өз алдына нормасын қалыптастырған. Біздің тілші маман ретіндегі келешектегі мақсатымыз ұлттық тілімізде бар, тілге ену тарихы әріде жатқан, өз терминдерімізді тауып, тиісті салаға ендіру деп есептеймін.

Қолданылған әдебиет

1. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: «Жалын», 1996 – 464 бет.
1. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. Избранные труды. -Астана: Астана – Полиграфия, 2008. -400 б.
2. [http://kk.wikipedia.org/wiki/ Фармация](http://kk.wikipedia.org/wiki/Фармация)
3. Қияшев Д. Фармацевтикалық терминдердегі түйткілдер // «Ана тілі» газеті. 2013 жыл 19-қыркүйек.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 бет.
5. Орысша-қазақша медициналық фармакологиялық сөздік. Редакциясын басқарған Г. Д. Бердімұратова, Р. С. Күзденбаева. Алматы, 2006 – 608 бет.
6. Бурбелло А. Т., Шабров А. В., Денисенко П. П. Современные лекарственные средства: Клинико-фармакологический справочник практического врача – СПб.: Издательский Дом «Нева», 2006 – 896 с.

ӘӨЖ 821.512.122-3.09& 398.91

**М.МАҒАУИННИҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ
ҰЛТТЫҚ -МӘДЕНИ ФОНЫ**